

3. Сартаев, С., Созақбаев, С. Материалы по истории государства и права Казахстана. – Алматы: Атамұра, 1994, – 256 б.

4. Қамзабекұлы, Д. Алаш мұраты – отандық білім мен ғылым негіздеуші күш. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 300 б.

5. Құл-Мұхамед. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998, – 289 б.

*Исенова, Г.,*

*Сырбай Мәуленов атындағы гимназияның  
жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі, Қостанай қ., Қазақстан*

### **АЛАШТАНУШЫ К. НҮРПЕЙІСОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

Қазақ тарихтану ғылымында фактілік және теориялық – методологиялық тұрғыдан жүйелі зерттеу мен баяндауда қағажу көріп келе жатқан тақырптардың бірі, әрине, ұлт-азаттық қозғалыс, соның ішінде ХХ ғасырдағы империялық езгіге қарсы азаттық күрестің шырқау биігі ретінде көрінген Алаш қозғалысы. Ресми тарихтану ғылымында ХІХ ғасырдағы Кенесары Касымов бастаған қозғалыс феодалдық – монархиялық көтеріліс есебінде бағаланғаны сияқты, Алаш қозғалысы да ұлт-азаттық емес, буржуазиялық-ұлтшылдық мұраттарды көздеген құбылыс ретінде талдануға тиіс болды. Пролетарлық интернационализм принциптерін жамылған бұл көзқарас, шын мәнінде ұлы державалық, империялық мүдделері жан-жақты негіздеуді өзінің басты міндеті деп білген ресми тарихтанудың негізгі постулаттарының біріне айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес» [1, 22 б.], – деп ерекше атап көрсеткен болатын. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің тарихы өзекті тақырып болып отыр.

Жалпы, ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамы үшін күрделі кезең болды, бір жағынан, ескі феодалдық қатынастар қоғамдық дамуға кедергі келтірсе, екінші жағынан, оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар тым әлсіз күйде еді. Елдегі мұндай ауыр жағдайды патшалық имперализмнің қарқынды отарлау және орыстандыру саясаты тереңдей түскен болатын. Міне, осындай жағдайда қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш ұлттық интеллигенция араласып, қазақтың ұлттық тәуелсіздігі мен ұлттық мәдениетінің өсіп-өркендеуіне, ел өмірін қайта құру мақсатында қызмет ете бастайды. Жалпы, қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан университеттері мен басқа да жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындары да айтарлықтай роль атқарды. ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарынан 1917 жылға дейінгі мерзімде Қазан университетінде 30-ға жуық қазақ жастары, ал ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезінде Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттері оқыпты, олардың қатарында Б. Қаратаев, Б. Құлманов, Б. Сыртанов, А. Тұрлыбаев, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқаев, Ж.Ақбаев, т.б болды. Мәскеу мен Петербургтің басқа жоғары оқу орындарын Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, т.б. қазақ жастары бітірген. Қазақ жастары Ресейден тыс шетелдік шығыс оқу орындарында да оқыған. 1917 жылға дейінгі кезеңде Стамбул университетінде Ә. Ғайсин, С. Шанов, Д. Көлбаев, М. Тұрғанбаев және Ә. Машаев деген жастар білім алған. Толық емес мәліметтер бойынша 1917 жылға дейінгі уақытта 120-ға жуық қазақ жастары әр түрлі жоғарғы оқу орындарын

аяқтағаны туралы диплом иемденсе, 700-дей қазақ жастары арнайы орта білім беретін оқу орындарын бітірген.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Алаш қайраткерлерінің ұлт азаттығы жолындағы қызметтері хақында өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «1916 жылғы 11 шілдеде «Алаш азаматтарына» арнаған үндеуінде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов былай деп жазады: «Отандастарымыз – орыс халқы, діндестеріміз – мұсылмандар, татар халқы, сондай-ақ басқа да көрші халықтар өрттің жалынында лаулап жанып жатыр. Бізге бұдан сырт қалуға болмайды. Өзіміз боданы болып отырған өкіметтің бұйрығынан бас тарту, басымызды сауғалап үйден шықпау, мемлекетті қорғауға ат салыспау дұшпанға көмек көрсетумен бара-бар». Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына олар үміт артты [1] – деген болатын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Патшалық тәртіпті жою және елдегі қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру «Алаш» қозғалысын ұйымдық жағынан жасақтауға жағдай туғызды. 1917 жылғы шілдеде Орынбордағы бүкіл қазақстандық съезде «Алаш» партиясы құрылды. Ұзамай 10 тараудан тұратын партия бағдарламасының жобасы жасалды. Партияның негізгі мақсаты Ресей федерациялық демократиялық республикасының құрамында қазақ автономиясын құру болды» [1].

Белгілі алаштанушы ғалым Кеңес Нұрпейісұлы: «Кез келген халықтың өзін-өзі сыйлауы, өзінің ұлттық қасиеттерін білуі еліне аянбай еңбек еткен асыл азаматтарын танып, оларды әспеттеуден басталады. Ал осындай ардақтыларын немесе өз тектілерін танымаған жұрт түптеп келгенде басқа халықтармен теңеспей қалатыны өмір дәлелдеген ақиқат» [2], – деп жазды.

Профессор Кеңес Нұрпейісұлының алғашқылардың бірі болып зерттеген алаш зиялыларының бірі Халел Досмұхамедов болды. Ғалымның «Алматы ақшамы» газетінде «Қияметті жылдар жаңғырығы» деген атпен жарияланған көлемді мақаласында 1917-1920 жылдардағы қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен Алаш партиясына мүше болған және Алашорда қозғалысына қатысқан қазақ зиялыларының да өмір жолына қысқаша тоқталады.

Академик Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан алынған саяси қуғын-сүргіндерге байланысты құжаттармен танысып, оларды ғылыми айналымға енгізген болатын. Сондай құжаттардың бірі Х. Досмұхамедовтың өз қолымен орысша жазған екі құжатын қазақша аударып халыққа жариялайды. Оның біріншісі Х. Досмұхамедовтың өскен ортасы мен саяси көзқарасының қалыптасуынан кейбір мәліметтер берсе, екінші Воронеж қаласында айдауда жүрген жылдарындағы тұрмыс ауыртпашылығын баяндайды. «Халел Досмұхамедов – қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысының жетекшілерінің және алғашқы жоғарғы білімді қазақ дәрігерлерінің бірі. Ол талантты, көп қырлы ғалым болған адам. Түркістан АССР-і мен Қазақ Совет мемлекетінің оқу-ағарту ісіне, ғылымын, әдебиеті мен өнерін дамытуға үлкен үлес қосқан» [3, 500 б.] – деп атап айтады.

К. Нұрпейісұлы Х. Досмұхамедовтың әдеби және ғылыми мұрасы, қоғамдық қызметі жөнінде соңғы екі-үш жылдың жүзінде ғана айтыла бастағанын атап көрсете келе, оның өмір жолына қысқаша тоқталып өтеді.

1996 жылы Алматыда «Санат» баспасынан «Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы» атты ұжымдық кітаптың бесінші тарауын К. Нұрпейісұлының тұлғатанудағы тағы бір ауқымды зерттеуі болды. Мұнда қазақ халқының азаттық үшін күресінің жаңаша қарқын алған күрделі кезеңі баяндалады. Тарихи деректермен дәлірек жазылған бұл еңбек Х. Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси қызметін кең, әрі толыққанды сипаттауға мүмкіндік береді.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші Жалпықазақ съезінде басынан аяғына дейін Х. Досмұхамедұлы төрағалық етеді. Ал, А. Байтұрсынұлы, Ә. Көтібарұлы, М. Дулатұлы және А. Сейітовтер хатшылығымен өткен бұл Бірінші жалпықазақ съезінде ауқымды 14 мәселе жан-жақты талқыланады, оның ішінде өздерінің басты назарын

ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды [3, 102 б.].

К. Нұрпейісұлы Қазақстан мен Түркістанның 1917-1927 жылдарындағы қоғамдық-саяси өміріне байланысты Мұстафа Шоқай еңбегін де елеусіз қалдырған жоқ. Бұл тұлға туралы белгілі тарихшы ғалымдарымыздың ғылыми зерттеулері мен ізденістері көптен жазылып жүрсе де ғұлама ғалымның пікірі өз алдына ерекше маңызды орынға ие. М. Шоқай туралы автор: «Мұстафа Шоқайдың сан-салалы қайраткерлік, ғылыми-ізденушілік қызметтерінің бір қыры – саясаттанушылығы. Ол шетелге эмиграцияға кеткен күндерінен бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық-саяси өмірін саясаттанушы ретінде жан-жақты әрі терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде ғылыми-танымдық және саяси қолданбалы еңбектер қалдырды», [4] деген баға береді.

Мәселен, М. Шоқайдың «1917 жыл туралы естеліктер» атты еңбегін талдай отырып К. Нұрпейісұлы: «...бұл естеліктерде, 1917 жылғы екі революция аралығындағы өлкенің қоғамдық-саяси өмірінің ерекшеліктері, ұлттық-тәуелсіздік идеяларының пайда болуы және оны жүзеге асырудағы қиыншылықтар, Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы мен күйреуінің тарихы, ұлт-азаттық қозғалысқа тән әр түрлі ағымдар, уақытша үкімет пен жергілікті ұлттық-демократиялық интеллигенцияның арақатынастары, буржуазияшыл демократия мен пролетариат диктатурасының саяси формасы болған кеңестердің текетіресі мен қарулы қақтығыстары сияқты мәселелер саясаттанушы Мұстафа Шоқайдың назарынан тыс қалмаған» [4, 9 б.], деген тұжырымға келген. Көрнекті ғалым К. Нұрпейісұлы «Алаш» партиясы туралы көп құнды зерттеулер қалдырды және өз зерттеулерінде партия көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтың да тұлғалық бейнесін таныта алды.

1998 жылы «Zaman-Қазақстан» газетінде жарияланған «Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз, ағайын?» [5, 3 б.] және «Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» деген ауқымды мақалалары арқылы жақсы таныса аламыз. Онда Ахмет Байтұрсыновқа «...халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, ақын аудармашы, журналист көсемсөз шебері. Бір сөзбен айтқанда «сегіз қырлы, бір сырлы» адам. ... сан қырлы қасиеттерінің бірі оның қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады» [5, 3 б.], деген баға береді.

Көрнекті мемлекет қайраткерлері С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, О. Жандосов, М. Тынышбаев, М. Шоқай, А. Түркебаев, Ж. Ақбаев, Н. Сырғабеков, Ы. Көшкінов, С. Сауранбаев сияқты ірі тұлғалар да ғалымның назарынан тыс қалмады, жан-жақты зерттелді, зерделенді [6, 33-34 бб.].

Академик К. Нұрпейісұлы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының бірнеше жылдық әрекеттерінен кейін, XX ғасырдың басында ұлттық-демократиялық мүдделерді көздейтін «Алаш» саяси партиясын құрғандығын және ол ұйым өз алдына түбірлі екі ұлттық мақсатты – қазақ халқын отарлық езгіден құтқаруды және қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына жеткізуді негізгі мақсат Ахмет Байтұрсынұлы азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Ресей империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді, - дейді. Патша үкіметі уақыт өткен сайын кең көлемді отарлау саясатын жүргізуді күшейте түсті. Қазақ халқы отарлық езгіні, «жері мен малы тоналған, жаны қалмаған, белі сынуға таялған» әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес «тіл мен діл нашарлап, хал һарам болған» рухани-мәдени салада да бірдей экономикалық және саяси хал-ахуал, ең алдымен аграрлық және ұлттық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленеді. Осындай жағдайда XX ғасырдың басында өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси қозғалыс өз алдына әуел баста жалпыұлттық демократиялық мақсат-міндеттер қойғанын жан-жақты талқылайды.

«Ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп, шешуде мерзімді баспасөздің атқарар қызметінің маңыздылығын Ахмет Байтұрсынов жақсы түсінді – дейді. Сондықтан да ол шын мәніндегі жалпыұлттық газет шығару ісіне көп күш жұмсады Әлихан Бөкейхановтың бағыт беруімен, Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен, Міржақып

Дулатовтың қосшылығымен, озық ойлы, халық қамын ойлаған жекелеген дәулетті адамдардың демеушілігімен 1913 жылдан бастап Орынборда жалпы ұлттық бейресмилік «Қазақ» газеті шыға бастағанын айтып өтеді. Сонымен бұл газеттің 1917 жылы ұлттық-демократиялық партия дайындауда сан қырлы, салиқалы жұмыс атқарғанын айтады. 1917 жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында бірінші бүкілқазақтық съезд болып, мұнда А. Байтұрсыновтың төрағалық еткендігін атап өтеді.

Сонымен қатар, 1916 жылдың 7 тамызындағы майданға қара жұмысқа қазақ жігіттерін шақыруға байланысты мәселелерді талқылау үшін Орынбор қаласында өткен Кеңесте мүмкіндігінше қара жұмысқа жіберуді кешуілдетуді және майдан жұмысына алынғандардың отбасына мемлекет тарапынан жеңілдіктер жасау мүмкіндіктерін қарастыруға тырысты. Мәжіліске қатысушылар сондай-ақ, патша өкіметінің алдына 17 тармақтан тұратын талап-тілектерін қойды.

Бұл мәселені К. Нұрпейісұлы жеке-жеке талдап қарастырған және Алашорда үкіметін ұйымдастырған қазақтың көрнекті зиялы өкілдерінің патшаның 25 маусымдағы жарлығын сөз жүзінде ғана қолдап, ал іс жүзінде халқын құтқару үшін қарсы болғандықтарын жазады. Ал, 1916 жылғы көтеріліс кезінде Алаш қозғалысының мүшелері ұлттық мүддеге сатқындық жасады деген пікірдің сыңаржақ тұжырым екендігіне және олардың қозғалысқа тікелей қатыспаса да, майданның қара жұмысына шақырылғандарға сатқындық жасамағандығын байыппен түсіндіреді.

Кеңес Нұрпейісұлы: «1917 жылғы Ақпан төңкерісінің жеңісінен кейін Алаш қозғалысының басшылары: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, М. Шоқаев, т.б. тылдың қара жұмысында болғандар мен көтерілісте жеңіліс тапқаннан кейін Қытай ауып кеткендерді ата қоныстарына қайтаруға, көтеріліске қатынасушыларға үкімет тарапынан кешірім (амнистия) жасатуға табандылық пен көп күш-қайрат жұмсады, – деді. [44, 79 б.].

Сонымен алаштанушы Кеңес Нұрпейісұлы Алаш қозғалысының өзекті мәселелері жөнінде қалам тартып, ауқымды мәселелерді көтерумен қатар артына алаштану тарихының мәселелеріне қатысты мол мұра қалдырды. Автордың алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі жөніндегі көзқарастары мен тұжырымдары бүгінгі күнде де мәні мен құндылығын жойған емес.

### Әдебиет тізімі

1. Назарбаев, Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Нұрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
3. Нурпейсов, К. Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстана: Документы и материалы. – Алма-Ата. - Т.1. –700 с.; Т.2. - 723 с. (Один из составителей).
4. Нұрпейіс, К. Ұлттық рух. // Ақиқат. - 2000. - № 12. – 9 б.
5. Нұрпейіс, К. Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз, ағайын? // Zaman-Қазақстан. – 1998, 2 қазан.
6. Байпаков, К., Нұржанов, А., Қапаева, А. Верность призванию // Казахстанская правда. – 2005, 15 наурыз.
7. Нұрпейісов, К. Амангелді Иманов // ҚазССР: қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1984. – I т. – 65-66 бб.
8. Нұрпейіс, К.Н. Алаш және Алашорда тарихының зерттелуі хақында // Қазақ тарихы. - 1994. - № 1. – 7-16 бб.